

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2025 жылғы 12 ақпанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-министрдің орынбасары -
Ұлттық экономика министрі
С. М. Жұманғаринға**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Серік Мақашұлы!

Бізге ауыл шаруашылығы саласындағы шағын және орта бизнес өкілдерінен субсидиялау мен мемлекеттік қолдау мәселелеріне қатысты көптеген өтініштер келіп түсуде.

Бүгінгі таңда ауыл кәсіпкерлері мен тауар өндірушілер шұғыл шешуді қажет ететін бірқатар күрделі проблемаларға тап болуда.

1. Айналым қаражатының жетіспеушілігі және несиелендірудегі қиындықтар.

Фермерлер өз қызметін жүргізу үшін қажетті қаражат тапшылығын сезінуде. Банктік несиелерді алу қиындықтары кепіл мүлкіне төмен бағалау коэффициенттерін (0,5) қолдану салдарынан күшейіп, қаржыландыруға қолжетімділікті шектейді.

2. Инфрақұрылымның болмауы.

Бөлінетін жер телімдері, көбінесе, негізгі инфрақұрылымы (электр, газ, су, жол) жоқ алыс аудандарда орналасқан. Инфрақұрылымды тарту шығындарының жоғары болуы ауыл шаруашылық өндірісін қаржылық тұрғыдан тиімсіз етеді.

3. Сертификаттау және нарыққа қолжетімділіктің қиындығы.

Өнімді сертификаттауға қойылатын қатаң талаптар шағын тауар өндірушілердің нарыққа шығуына кедергі келтіруде.

4. Өнімді өткізуге қолдаудың болмауы.

Фермерлер өнімді өткізу мәселесіне тап болуда, себебі олардың сатылым бойынша тәжірибесі жеткіліксіз, сауда желілерімен жұмыс істеу талаптары күрделі (жалдау ақысы, ретро-бонустар), сондай-ақ субсидиялау жүйесінде ірі тауар өндірушілерге басымдық беріледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ауыл» партиясының» фракциясы келесі шараларды ұсынады:

1. Шағын тауар өндірушілерге «Даму» қорының кепілдіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, олардың бөліну тәртібін қайта қарау.

2. Ірі және шағын өндірушілер арасындағы серіктестік жүйесін құру, шағын фермерлерді қолдағаны үшін мемлекеттік преференциялар ұсыну.

3. Жер телімдері мен ауыл шаруашылығы ғимараттарын кепіл ретінде қабылдай отырып, төмен пайыздық мөлшерлемемен және ұзақ мерзімге жеңілдетілген несие беру бағдарламасын әзірлеу.

4. Жергілікті әкімдіктерге бөлінетін жер телімдеріне инфрақұрылым жүргізу міндетін жүктеу, шығындарды мемлекет тарапынан өтеу мүмкіндігін қарастыру.

5. Шағын тауар өндірушілер үшін сертификаттау рәсімдерін жеңілдету немесе кооперативтік сертификаттау моделін енгізу.

6. Сауда желілерін жергілікті өнім өндірушілерге сөре орындарын ұсынуға міндеттеу немесе олардың өткізу шығындарын өтеу.

7. Маркетингтік және сату қызметтерін субсидиялау, шағын өндірушілерге сату бойынша мамандарды тартуға мүмкіндік беру.

8. Мемлекеттік қолдау шарттарын теңестіру, шағын өндірушілердің ірі кәсіпорындармен тең дәрежеде субсидия алуын қамтамасыз ету.

Осы шараларды іске асыру ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнестің дамуына, шаруашылық қызмет жүргізу жағдайларын жақсартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және ауыл халқының өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Қаржыландыруға қолжетімділік, бюрократиялық рәсімдерді жеңілдету және өнімді өткізуге қолдау көрсету ауыл шаруашылығы өндірушілерінің тұрақты дамуына мүмкіндік береді, бұл, өз кезегінде, азық-түлік қауіпсіздігін арттырып, ел экономикасын нығайтады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, көрсетілген мәселелер мен ұсынылған шешімдерді қарастырып, оларды іске асыру бойынша нақты тетіктер әзірлеуді сұраймыз. Сондай-ақ көтерілген мәселелердің жан-жақты талдануын

және мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен нормативтік актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстарды күтеміз.

Құрметпен,

Мәжіліс депутаттары

**Е. Саурықов
С. Егізбаев
Қ. Әбден
Н. Арсютин
А. Баққожаев
Ж. Дайрабаев
А. Зейнуллин
Т. Серіков
М. Ескендіров
Е. Бапи
Қ. Балабиев
Р. Қожасбаев
Е. Стамбеков
Ұ.Тұмашинов**

 *А.Байжанова*

 74-63-92